

4.5 Әлеуметтік әріптестің әкімшілік құрамының өкілі осы ұйымда кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі болуы тиіс және оның ұйымдағы қызметі ұйымның негізгі қызметімен тікелей байланысты болуы тиіс.

#### **5. Колледждегі жауапты тұлғалардың міндеттері**

- ИК отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;
- ИК барлық шешімдерін рәсімдеуді қамтамасыз етеді;
- колледждің және ИК мүшелерінің жұмысын үйлестіреді.

#### **6. Индустриялық кеңестің қызметі**

6.1 Индустриялық кеңестің бірінші отырысында индустриялық кеңес отырыстарының кестесі бекітіледі. Индустриялық кеңес жарты жылда кемінде 1 рет отырыс өткізеді.

6.2 Индустриялық кеңес индустриялық кеңес мүшелерінің кемінде 50% – ының қатысуымен және индустриялық кеңестің мына мүшелерінің ең болмағанда біреуі- Төрағаның немесе төраға орынбасарының қатысуымен отырыс өткізеді. Индустриялық кеңестің төрағасы кезекті отырыстарға, ал ол болмаған жағдайда – төрағаның орынбасарына басшылық етеді.

6.3 Индустриялық кеңестің әрбір шешімі оның мүшелерінің ашық дауыс беруіне шығарылады. Егер дауыс беру процесінде дауыстардың тең саны анықталса, онда индустриялық кеңестің төрағасы немесе төраға болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданады.

#### **7. Индустриялық кеңес қызметінің мақсаттары**

7.1 Индустриялық кеңес мынадай жұмысты орындайды:

\*Мамандарды даярлау мәселелеріне қатысты консультациялық және сараптамалық көмек көрсетеді;

\*Оқу жоспарларының іске асырылуына мониторинг және бағалау жүргізеді;

\*Оқу орны қызметінің көрсеткіштерін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді (өндірістік және оқу практикаларын өткізу және мазмұны, арнайы пәндерді оқыту мәселелері бойынша);

\*Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жетілдіру және түпкілікті мақұлдау бойынша ұсынымдарды қарайды және әзірлейді;

\*Оқу жабдықтарын сатып алуға арналған техникалық ерекшеліктер мен техникалық тапсырмаларды қарайды және мақұлдайды;

\*Оқу орнының өңірдің ірі кәсіпорындарымен, өңірлік кәсіпкерлер палатасымен өзара қарым-қатынасын дамытуға жәрдемдесуді қамтамасыз етеді;

\*Бітірушілерді қорытынды аттестаттау жөніндегі жұмысқа қатыстырады;

\*Колледж әкімшілігімен келісім бойынша басқа да қызметті жүзеге асырады.

#### **8. ИК міндеттері**

8.1. ИК мен комитеттердің ұсынымдарын іске асыруға басшы жауапты болады колледж.

Директордың оқу өндірістік жұмыстары  
жөніндегі орынбасары



А.О.Ахмедов

Директордың оқу ісі жөніндегі  
орынбасары



А.М.Еркимбаева